

## Гранттар тарту және пайдалану ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 8 тамыз N 886. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 740 қаулысымен

Халықаралық қаржы экономикалық ұйымдардан және донор-елдерден тартылатын гранттарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ сыртқы ресурстарды басқару жүйесіндегі мемлекеттік басқару органдарының функцияларын реттеу қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Гранттар тарту және пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі гранттар тарту және пайдалану жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырушы уәкілетті орган болып белгіленсін. <\*>

*Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.30. N 1272 қаулысымен.*

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2      ж ы л ғ ы      8      т а м ы з д а ғ ы

N      8 8 6      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Гранттар тарту және пайдалану ережесі**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Гранттар тарту және пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) Дамуға Ресми Көмек (бұдан әрі - ДРК) шеңберінде Қазақстан Республикасына гранттар тарту және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ереже ДРК шеңберінде гранттар тарту мен үйлестіру процесін реттеу әрі өтемсіз қаржылық және техникалық көмек жобаларын (бұдан әрі - жобалар) іске асыру кезінде оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсаттарында әзірленген.

3. Ереженің міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының ДРК шеңберінде гранттар тартуы процесінің а ш ы қ т ы ғ ы н                      қ а м т а м а с ы з                      е т у ;

2) жобаларды іске асыруды дайындау, бағалау, іріктеу, іске асыру, оның мониторингі бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру;

3) бюджеттік жоспарлау және гранттар тарту процесінің өзара байланысын белгілеу;

4) гранттар тарту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік басқару органдарының функцияларын реттеу.

4. Ереже ДРК-ге жатпайтын ізгілік, қайырымдылық, азық-түліктік және басқа да көмек түрлерін тарту мен бөлу рәсімдеріне қолданылмайды.

5. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган - гранттар тарту және пайдалану жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырушы орталық атқарушы орган;

2) атқарушы агенттік - ДРК шеңберінде ұсынылған гранттар есебінен жобаларды дайындауды және іске асыруды жүзеге асырушы мемлекеттік орган;

3) ДРК - экономикалық дамуға және жүргізіліп жатқан реформаларға жәрдем беру мақсаттарында мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, мемлекеттер үкіметтерінің агенттіктері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар дамушы мемлекеттерге, олардың үкіметтеріне және мемлекеттік ұйымдарына көрсететін көмек;

4) қаржылық көмек - инженерлік жұмыстарға, құрылысқа, негізгі құралдарды жаңартуға (сатып алуға) ақша ұсыну;

5) техникалық көмек - материалдық-техникалық, бағдарламалық қамтамасыз ету құрамдастарымен қоса зияткерлік меншікті беру (техникалық-экономикалық негіздемелерді, даму жоспарларын әзірлеу); мемлекеттік мекемелерді институционалдық нығайту; нарықтық институттарды қолдау; адами ресурстарды дамыту (оқыту), еріктілер топтарын іссапарға жіберу;

6) донорлар - ДРК шеңберінде гранттар беруші әрі қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, мемлекеттер үкіметтерінің агенттіктері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қ о р л а р ;

7) жобаны қисынды негіздеу - грант ұсынуға арналған өтінімдерді негіздеуге бағытталған, мәлімделген жоба (қойылған міндеттер, белгілі бір нәтижелер, іс-шаралар) құрылымын және одан күтілетін тиімділікті бағалауды қамтамасыз етуші құжат.

6. Бюджеттік жоспарлау және ДРК шеңберінде өтемсіз көмек тарту процестері арасындағы өзара қатынастардың сипатына қарай гранттар байланысты және байланыссыз болып бөлінеді:

1) байланысты грант Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант ұсынған донордан одан әрі қарыз алуын немесе донорға Қазақстан Республикасының

мемлекеттік кепілдігін беруді немесе мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды көздейді;

2) байланыссыз грант Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант ұсынған донордан одан әрі қарыз алуын немесе донорға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беруді немесе мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды көздемейді. < \* >

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.11.30. N 1272 қаулысымен.*

## **2-тарау. Гранттар тарту тәртібі**

7. Жобаларды дайындау, бағалау, алдын ала іріктеу жөніндегі іс-шараларды атқарушы агенттіктер жүзеге асырады.

8. Уәкілетті орган жобаларды іріктеу, бағалау және іске асыру мониторингі бойынша жұмыстарға әдістемелік басшылықты, оларды үйлестіруді жүзеге асырады, сондай-ақ гранттар тарту мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен донорларға жүгінеді.

9. Уәкілетті орган гранттар ұсыну мәселелері бойынша донорлармен келіссөз процесін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен донорлар арасында қаржылық және техникалық ынтымақтастық туралы негізгі келісімдерді дайындау, келісу және оларға қол қою жөнінде белгіленген тәртіппен жұмыс жүргізеді.

10. Жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган гранттар тарту және пайдалану саласында консультанттар мен сарапшылар тартуға құқылы.

11. Атқарушы агенттіктер уәкілетті органның талаптарына сәйкес нысан бойынша толтырылған жобаларды іске асыру үшін гранттар ұсынуға арналған өтінімдерді (бұдан әрі - өтінімдер) уәкілетті органға жібереді. Уәкілетті орган өтінімдерді жинауды донорлар белгілеген мерзімдерде, ал белгілі бір донор болмаған жағдайда және байланысты гранттар жағдайында - әрбір қаржы жылының қаңтар айында жүргізеді.

12. Уәкілетті органның өтінімдерді қарауға қабылдауы үшін мыналар қажет:

1) мәлімделген жобалардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында көрсетілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес болуы;

2) уәкілетті органның талаптарына сәйкес жобаның қисынды негіздеуінің және жоба жөніндегі құжаттаманың болуы;

3) жергілікті атқарушы орган өтінімдер ұсынған жағдайда тиісті орталық атқарушы органның салалық қорытындысының болуы;

4) атқарушы агенттік тиісті кезеңге бірнеше өтінім берген жағдайда,

мәлімделетін жобалардың басымдықтар бойынша қойылуы.

13. Атқарушы агенттіктің уәкілетті органның қарауына өтінімдерді жіберуі оның донорлардың қарауына жіберу үшін басым жобалар тізіміне міндетті түрде енгізілетінін білдірмейді.

14. Уәкілетті орган мәлімделген жобаларды іріктеуді және бағалауды жүргізеді, соның негізінде донорлардың қарауына, ал байланысты гранттар жағдайында - Республикалық бюджет комиссиясына (бұдан әрі - Бюджет комиссиясы) жіберу үшін тиісті кезеңге арналған басым жобалардың тізімін қалыптастырады.

15. Уәкілетті орган Бюджет комиссиясының қарауына байланысты гранттар ұсынуға арналған жобалардың тізімін енгізеді.

16. Бюджет комиссиясы байланысты гранттар ұсынуға арналған өтінімдерді мақұлдаған ретте уәкілетті орган донорға тиісті сауал жібереді.

17. Донор жобаны мақұлдаған жағдайда уәкілетті орган атқарушы агенттікке грант туралы келісімді дайындау және келісу жөнінде жұмыстар жүргізу қажеттігі туралы хабар береді.

18. Байланысты гранттар тарту грант туралы әрбір жеке келісім бойынша гранттың сомасы және республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландырудың қажетті көлемдері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Гранттарды пайдалану тәртібі**

19. Грант туралы келісім негізінде атқарушы агенттік қажетті жағдайларда уәкілетті органмен, ал байланысты гранттар жағдайларында - қосымша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен (бұдан әрі - Қаржы министрлігі) келісім бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен жоба бойынша шот ашады.

20. Атқарушы агенттіктер гранттар қаражатын грант туралы келісімге, донорлар белгілеген рәсімдерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланады.

21. Байланысты гранттарды пайдалану кезінде атқарушы агенттік республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру немесе грант ұсынған донордан қарыз тарту талап етілетін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне белгіленген тәртіппен бюджеттік өтінімдер ұсынады. <

\*

>

*Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.30. N 1272 қаулысымен.*

22. Гранттар алушы атқарушы агенттіктер мыналарды қамтамасыз етеді:

1) грант туралы келісіммен көзделген және жобаларды табысты іске асыру

үшін қажетті шарт болып табылатын өздеріне қабылдаған міндеттемелердің  
у а қ т ы л ы о р ы н д а л у ы ;

2) грант туралы келісім жасалған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде  
уәкілетті органның талаптарына сәйкес жобаны іске асырудың жоспар-кестесін  
уәкілетті о р г а н ғ а ұ с ы н у ;

3) алынған гранттарды мақсатты және тиімді пайдалану. Бұл ретте гранттар  
есебінен сатып алынған жабдық пен материалдар белгіленген тәртіппен  
атқарушы агенттіктің теңгерімінде есепке алынады;

4) гранттар есебінен сатып алынатын тауарлар импорты кезінде кедендік  
рәсімдердің у а қ т ы л ы жүргізілуі;

5) іске асырылып жатқан жобалар бойынша есептерді уәкілетті органның  
талаптарына сәйкес, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей,  
тоқсанына бір рет уәкілетті органға уақтылы ұсыну.